

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және Спорт министірлігі «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК мен Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Білім беруді дамыту орталығы» КММ-ің арасындағы өзара ынтымақтастық туралы**

**МЕМОРАНДУМ**

**Түркістан қаласы**

**«01» қауіріз 2023 жыл**

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Төлімбет Бақытжан Нұрмаханбетұлы арқылы, бір жағынан және **Қазақстан Республикасы Мәдениет және Спорт министірлігі «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК мен Садықбеков Мәулен Жарылқасынұлы** екінші жағынан, бұдан әрі бірге «Тараптар» деп атала отырып, осы ынтымақтастық туралы меморандумды Түркістан облыстық «Білім беруді дамыту орталығы» КММ-ң Жарғысына сәйкес (бұдан әрі Меморандум) жасады.

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылдық жоспарына сәйкес «Музейде бір күн» жобаны іске асыру мақсатында, сонымен қатар оқушыларды туған өлкесінің тарихына сүйіспеншіліктерін қалыптастыру арқылы туған өлкесінің тарихи жәдігерлерін сақтауға патриоттық тұлғаны тәрбиелеуге төмендегілер туралы келісті:

**1. МЕМОРАНДУМНЫҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ**

- 1.1. Осы Меморандум аясында Тараптар барлық әлеуетін, білім беру ресурстарын және материалдық мүмкіндіктерін Меморандум мақсаттарын жүзеге асыру үшін пайдалануға ұмтылады.
- 1.2. Осы Меморандумда көрсетілген шараларды орындау үшін Тараптар өзара іс-қимыл жоспарын құрып, бекітуге уағдаласады.
- 1.3. Осы Меморандумды жүзеге асыру барысында Тараптар ашықтық және жариялық принциптерін басшылыққа алады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы аясында әрекет етеді.
- 1.4. Осы Меморандум тараптар арасындағы жеке келісімдерде ескертілген бірлескен бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру мақсатында ынтымақтастық шарттар реттейді.
- 1.5. Тараптар осы Меморандумның және ҚР заңнаманың, қағидалардың, нормалардың шарттарына сәйкес ақпарат алмасу, «Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және «**Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы**» білім беру мекемелерімен ынтымақтастықты нығайтуға және одан әрі дамытуға, музей педагогикасының ортақ мүддеге қызмет ететіндігіне, мәдени және әлеуметтік дамуын нығайтуға ықпал ету;



- 1.6. Халықаралық, Республика көлемінде музей педагогикасы саласында бірлесе шаралар ұйымдастыруды басшылыққа ала отырып, педагогтерінің музей саласында кәсіби шеберлігі мен шығармашылығын арттыру;
- 1.7. Білім беру ұйымдарында өтілетін іс-шараларға жаңа серпін беруге жағдай жасау мақсатында күш біріктіріп, ынтымақтастық құру;
- 1.8. Меморандумның мақсаты – Тараптардың өзара келісімі арқылы өзара әріптестік және серіктестік қарым-қатынастарды дамыту арқылы білім беру саласындағы «Музейде бір күн» жобаны жүзеге асыруда ынтымақтастықты нығайту.

## **2. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ ТАЛАПТАРЫ**

### **2.1. Осы Меморандумға қол қою арқылы Тараптар мынадай әрекеттерді жасауға әзірлігін білдіреді:**

- 1) Халықаралық, Республика және облыс көлемінде жүзеге асырылып отырған музей саласында жобаларды өзара қолдауды іске асырады;
- 2) Тараптар үшін өзара пайдалы болып табылатын бағдарламалар бойынша кәсіби байланыс орнатады;
- 3) Өзара бірлескен «Музейде бір күн» жоба аясында іс-шараларды жүзеге асырады;
- 4) Өзара (келісім бойынша) ақпаратпен, құжаттармен, әдебиетпен және библиографиялық басылымдармен алмасады және өзара кеңестер (консультациялар) береді;
- 5) Бірлескен әдістемелік форумдар, конференциялар, семинарлар, кеңестер, дөңгелек үстелдер және басқада өзара қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді.


### **2.2. Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы міндеттері:**

- ✓ Түркістан облыстық білім беру ұйымдарына қарасты тарих пәні мұғалімдеріне «көшпелі музей» көрмесін жобаның жоспарына сәйкес ұйымдастырады;
- ✓ Өз тарапынан бірлескен іс-шараға ұйымдастыруға жауапты тұлғаны тағайындайды;
- ✓ Мектептерді музей қорындағы жәдігерлерді қолдана отырып (келісім бойынша) экспозиция құрады, экскурсия жүргізеді;
- ✓ Мектепте және музейде бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылады.

#### **«Білім беруді дамыту орталығы» міндеттері:**

- ✓ Орталық бірлескен қызметті бақылау мақсатында өз тараптарынан жауапты тұлға тағайындалады;
- ✓ Музей қызметкерлерін тарихи жәдігерлерді көрсетілім жасау үшін арнайы орынды дайындауға ықпал жасайды;
- ✓ Презентация, бейнематериалдарды көрсетілім жасау үшін қажетті АКТ-мен қамтамасыз етуге ықпал жасайды.

### **2.3. Әрбір Тарап осы Меморандум немесе осы Меморандумға сәйкес қабылданған кез келген басқа келісімдерді іске асыру кезеңінде басқа**



Тараптан алынған немесе ұсынылған құжаттардың, ақпараттардың және өзге де деректердің таратылмауын және құпиялылығын сақтайды.

### **3. БІРЛЕСКЕН ІС-ШАРАЛАР ӨТКІЗУ**

**3.1.** ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген ««Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын білім беру ұйымдарында іске асырады;

**3.2.** «Музейде бір күн» жоба аясында және Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени музейдің жоспарына сәйкес Тараптар (келісім бойынша) меморандум аясында бірлескен іс-шараларды өткізеді.

### **4. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

4.1. Тараптар осы Меморандумды орындау жөніндегі өзара іс-қимылдарды үйлестіру үшін Тараптардың өкілдері арасынан жұмысшы топ құра алады.

4.2. Ынтымақтастықтың (жұмыстардың, жобалардың) жекелеген бағыттарын іске асыру үшін Тараптардың белгіленген тәртіппен жекелеген шарттар (келісімдер) жасасуға мүмкіндігі бар.

4.3. Тараптар осы Меморандумның орындалуын және қажет болған жағдайда оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талқылау үшін, жылына кем дегенде бір рет, Тараптардың өкілдерінің кездесулерін өткізуге келісті.

### **5. ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ**

5.1. Осы Меморандум Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және бір жылға дейін (2023 жыл ішінде) қолданылады.

5.1. Меморандумның қолданысы Тараптардың бірінің тиісті жазбаша хабарлама жіберген күннен 30 (отыз) күнтізбелік күн өткен күннен бастап тоқтатылды деп есептелінетін болады.

### **6. ҮШІНШІ ТАРАПТАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ**

6.1. Әрбір Тарап екінші Тараптың келісімі бойынша осы Меморандум шеңберінде жүзеге асырылатын бірлескен жобаларға және іс-шараларға үшінші Тараптың қатысуын ұсына алады. Осындай бірлескен жобалар мен іс-шаралар өткізу кезінде қатысушылар үшінші Тараптың осы Меморандумның ережелеріне сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

6.2. Тараптар өзара келісімі бойынша осы Меморандумға оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізіле алады.

6.3. Осы Меморандум ешқандай қаржылық міндеттемелер жүктемейді.

6.4. Осы меморандумның тең заңдық күші бар тараптардың әр қайсысына бір біреуден берілетін екі данада жасалынады.

## 7. ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ

Түркістан облысы адами әлеуетті  
дамыту басқармасының «Білім  
беруді дамыту орталығы»  
КММ-ң директоры  
Б. Төлімбет



M.O.

«01» маусым 2023 ж.

«Өзірет Сұлтан» мемлекеттік  
тарихи-мәдени музей-қорығы»  
РМҚК директоры  
М. Садықбеков



M.O.

«01» маусым 2023 ж.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасар:

Д. Айкозова

«Жалпы пәндер» кафедрасын бөлім басшысы:

Р. Алтынбеков

Тарих пәні әдіскері:

М. Усенбеков